

А.А. Акбулатов*, Э.К. Утемисова

*М. Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан
(E-mail: aidarbek_akbulat@mail.ru)*

Ақын Б. Халиолла лирикасының тақырыптық-идеялық және поэтикалық негіздері

Мақалада ақын Бауыржан Халиолланың жазба поэзиясының тақырыптық-идеялық ізденістері мен поэтикалық қуаты, суреттеу шеберлігі, жеке дара қолтаңбасы талдау нысанына алынған. Ақынның шығармашылық ғұмырнамасына тоқталып, ұлттық, азаматтық көзқарастарын білдірудегі бейнелеу құралдары, лирикалық қаһарманның ішкі жандүниесі қарастырылған. Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі қоғамның дертті мәселелері, ар мен адамгершілік, жалпыадамзаттық құндылық атаулыға қатысты ақынның өзіндік көзқарастары тұжырымдалған. Ақынның әдебиеттегі алғашқы қадамынан бастап, бүгін жеткен биігіндегі ақындық кеңістігіне шолу жасалған. Б. Халиолла өлеңдеріндегі эпитет, метафора, теңеу, инверсия, контрастты құбылыстарды салыстыру, кейіптеу, т.б. көріктеуші құралдар мен риторикалық қайталаулар мен айшықтау тәрізді тәсілдердің қолданыс ерекшелігі, үндесімі, өмір мен өлім туралы фәлсафалық ойлары сараланады. Табиғат пен адамның ішкі сезімін шендестіре суреттеудегі ақынның өзіндік өрнектері мәтіндік талдаулар арқылы жеткізілген.

Кілт сөздер: тақырыптық-идеялық ізденістер, поэтика, азаматтық лирика, ұлттық өрнек, лирикалық қаһарман, өлім мен өмір концептісі, көркемдік әдіс, тәсілдер, қазіргі қазақ поэзиясы.

Kipicne

Ақын Бауыржан Халиолла — поэзияның қос қанаты айтысты да, жазба поэзияны да тел емген, талантты сөз сөзгері. Өзіндік азаматтық үні, еркіндік, бүгінгі қоғамның қайшылықты тұстары, адами құндылықтардың сарапқа түскен салмақты жүгі ақын поэзиясында бір уақытта бәсеңсіп көрген емес.

Ақынның «Жұмбақ қыздың жанары» (2001), «Нәзік бұлт көшіп барады» (2005), «Жұлдыз жауған жарық түн» (2012), «Жан тебіреніс» (2018) атты жыр жинақтары жарық көрген. Сондай-ақ, «Жыр маржаны» атты қазақ ақындарының X томдық антологиясының X томына таңдамалы өлеңдері енген.

Бауыржан Халиолла қазақ әдебиетінің тәуелсіздік дәуіріндегі талантты ақындардың бірі ретінде поэзияның есігін қаққаннан бастап, лирикалық қаһарманның өткір тілді, рухани болмысы терең екенін әйгілеп келеді. Сыншы, ғалым Бақытбек Бәмішұлы оның поэзиядағы алғашқы қадамын өз замандастары Жанарбек Әшімжан, Бекжан Әшірбаев, Бақыт Беделханұлы, Дәулеткерей Кәпұлы, Өлібек Шегебай, Елгезек Ақберен, Алмат Исаәділ шығармашылығымен қоса бағалай келіп, оның «Ақыл» атты өлеңін сынайды: «Б.Халиолланың «Ақыл» атты алты жол өлеңі мынау:

Кей адамды данышпанға балаймын,
Кей адамды арыстанға санаймын.
«Артын жу да мал тап – деген – есектің»,
Ақылына таң қаламын Абайдың,
Ақшам бітіп қалған шақта қиналып,
Қай адамның арты лас деп қараймын.

Ақындардың айтқанының бәрі алтын емес. Баяғыда Абай бір айтқан екен деп бәдік болып кету керек пе? Алтын түсетін ауызды арам сөзбен былғап не қажет. Шарбуыққа шарқылдап күлетіндер көп десек те, этика, эстетика деген бар. Жұрттың бәрі жыңды су ішіп жүрген жоқ шығар. Алдыңғы екі жол — қарабайыр таппақ. Есек — еңбек. Елді еңбекке үндеу. Еңбектің адалы, харамы болмайды. Оған «таң қалып», ақшасы біткенде ме, ақшамы біткенде ме, «кімнің арты лас» деп сығалап жүру — ақын ісі ме, ақын сөзі ме? Бейүлгі. Сүйінішінен, күйініші көп, өлеңдерінде өзіндік стилі бар Бауыржан «Бағыт сілеп не қыласың» депті. Құп!» [1; 28], – деп тұжырым жасайды.

Иә, сыншының этика, эстетика дегеніне қосылуға болатын шығар, дегенмен, бұл Бауыржан ақынның кез келген дүниеге пародиялық мысқылмен қарайтын өзіндік сөз ойнату стилін байқатса керек. Сол студенттік шақтағы бұл өлең сыншы өзі айтқандай, күйініш өлең екені анық. Қоғамдағы

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: aidarbek_akbulat@mail.ru

ит-ырғылжың бітпейтін тірлікте жас ақынның асаулық мінезі сол сөзді айттырса айып па? «Арты лас» деген сөз былыққа батқан қоғам бейнесі емес пе? Ақынның жүрегі осындай келеңсіздіктерді, тәуелсіздік жылдар болса да, қазақ қоғамындағы даңғаз тірліктің арғы жағында бүгінгі өмірді бейнелеп тұрған жоқ па? Әрине, өлең өмірдің сол күйіндегі көшірмесі емес, ақынның субъективті танымы, бірақ жүдеу тірлікте жүрген жас ақынның сүйіншілеп шапқылаудан гөрі қоғамның дертін жырлауы басым.

Зерттеу деректері мен әдістері

Ақынның шығармашылығын зерттеуде ақынның кітаптары мен әлеуметтік желіде жарияланған өлеңдері деректер ретінде пайдаланылып, талдау, жинақтау, салыстыру әдістері мақаланы жазу барысында негізге алынды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Ақын қоғамның дертті тұстары, өзегіне құрт түскен дүниелерді, ар мен адамгершілікті, жалпыадамзаттық құндылық атаулының өзекті мәселелерге айналуына не себеп деген сауалдарға өзінше тұжырымдар жасайды. Жас кезінде, яғни сонау студенттік шақтағы айтылған мысқыл, пародиялық ойлары оның поэзиясында әлі күнге дейін дамып, біршама әлеуетті күшке ие болғанын байқаймыз. Ақынның поэзиясында оның жеке басындағы мұңды ғана емес, қалың бұқараның әлеуметтік тұрмыс-тіршілігін, аш-жалаңаш қоғамның, қазақтың ары мен намысына күйінген азаматтық ұстанымның айғайлап тұрғанын көрмеу мүмкін емес. Лирикалық қаһарманды ойлантатын дүниелер әлде қайда терең, әлде қайда маңызды. Ол — ұлттың тағдыры, тілі мен жері, ұлт байлығы, қазақтың тәуелсіздік, еркіндігі. Ақын адамның кейбір кезеңдерін, түрлі психологиялық көңіл-күйдегі ойларын, өзінің ішкі сырын ақтаруда табиғат құбылыстарымен параллельді психологизм арқылы суреттеуге тырысады. «Көңіл жықпас күйге еніп...» өлеңінде күйбең өмірдің бітпейтін мимырт тірлігі, адамды қажытатын жағдайлар, өмірдің күрес майданында диірменге салып илегендей пенде атаулыны өз иіріміне тартып, көндіктіретінін табиғаттың жыл мезгілдерінің алмасуымен суреттейді.

Жалғыз мен бе жабырқау күйге түскен,
Жазың солғын, күз өлген-жиде піскен.
Көктемді қой, қысың не — жата берсін,
Біздің көңіл бәріне үйреніскен... [2; 41]

Бауыржан Халиолла ақынның өлеңдерінің аяқ алысынан байқалғандай-ақ, оның поэзиясында азаматтық әуен, азаматтық лирика ерекше байқалады. Поэзиядағы лирикалық қаһарманның жай-күйі туралы академик З. Қабдолов: «Лириканың бас қаһарманы — ақынның өзі. Мұның эстетикалық қасиеті де, тәрбиелік күші де айырықша үлкен. Себебі бұл арада өлеңді жазған адам оқыған адамға айналып, ақын мен оқырманның көңіл күйлері бір-біріне ұштасып, бірігіп, біте қайнасып кетеді. Ақын оқшау образ жасап, оқырманға «Содан үйрен, не жирен» дегендей тенденциямен ғана тынбайды, оған тура өз басындағы сезім мен сырды түп-тұтас көшіре салады. Сонда ақын көкірегіндегі сезім — оқырман сезімі, ақын көңіліндегі сыр оқырман сыры болады да шыға келеді» [3; 435], — деп тұжырым жасайды. Мысалы, «Мінез» атты өлеңінде ақынның азаматтық ұстанымы, өзіндік мінезі, өмірдің өзі ширатқан тағдыры, асаулығы, ақындық қуаты да айқын көрінеді:

Ұшқым келіп ұшайын деп бұлқындым,
Құс екенмін қос қанаты қырқылған.
Немкеттілеу жанашырдан не пайда,
Күліп жүріп күл шашатын сыртымнан.

Осы өмірім өңім бе әлде түсім бе,
Жаным өлі, тәнім тірі пішінде.
Жүрегімді қолыма алып қызықтап,
Жүргендеймін жындыхана ішінде.

Жағдайымды түсінеме қалың ел,
Сонша неге болдым бекер әбігер.
Күле берем, күйігімді емдейтін,
Таппағасын дені бір сау дәрігер.

Шабысым жоқ бұрынғыдай, шабанмын,
Бақытты еді уайымсыз балаң күн,
Аттай алмай алдымдағы апаннан,
Артпен жүріп бара жатқан адаммын.

Бағыт сілтеп неғыласың досым-ай,
Айтарыңды ағыта бер шошымай.
Ту желкемнен қадалғанша сұр жебе,
Қыңырайып кете берем осылай [2].

Міне, поэзиядағы азаматтық үн ұлттық проблемалармен қабысып, оқырмандардың жүрегінен орын тауып жатады. Бұл — лирикалық қаһарманның халық үнін ести білген жүрек жүпілі. Мимырт тірлік, ақынның «Жаным *өлі*, тәнім *тірі* пішінде», «Аттай алмай *алдымдағы* апаннан, *Артпен* жүріп бара жатқан адаммын» деген контарстты ұғымдарды пайдалану шеберлігі анық көрінеді. Бұл дүниедегі қу тірлікте ақынның жүрегіне күш салған не? Ол — айналадағы ақиқат өмірге жай ғана қарай алмайтын сезімтал жүрек. Ақынның өзі айтпақшы, ту сыртынан сұр жебе қадалғанша жүретін қыңыр мінез емес, өмірдің ағымына, иіріміне иленіп жоғалмау, аузына құдай салған сөзді айта алу мақсаты тұрса керек.

Бауыржан ақынның шығармашылығында елдік, ұлттық мүдде, шындық, ақиқат, ар, ашу, әділеттілік, достық, жалғыздық, жан мен тән, көңіл, қайғы, бақыт, ел, халық сынды т.б. ұғым категориялармен байланысты мәңгілік тақырыптар ерекше орын алады. Бұл мотивтер ақынның саяси-әлеуметтік, көркемдік-эстетикалық, мәдени-психологиялық, танымдық-философиялық түсініктерін жеткізуде ерекше мәнге ие философиялық категориялық ұғымдар. Мысалы, «Сағынышыммен қауышу», «Жетім күй» өлеңдерінде ақынның көбіне жалғыздық мотивтерге беріліп, көңіл-күй әуенінде ішкі өкініштеріне бой алдыратынын байқаймыз. «Сағынышыммен қауышу» өлеңінің түйінінде:

Тас төбемде түмен-түмен төнген жол,
Табанымда тоз-тоз көне өлген жол.
Сенен басқа сертке тұрар досым жоқ,
Беу, Сағыныш, сарғайтсаң да бермен кел» [2;33], - дейді.

Бұл жерде лирикалық қаһарман және автордың жеке басы деген мәселеге тоқталып өткеніміз жөн. Ой үстінде жүретін ақынның лирикалық қаһарманы жабырқау, жалғыздық мотивін «жетім көңіл күй», «сағыныш» ұғымдарымен жеткізген. Ал, лирикалық қаһарман мен автордың жеке басы мәселесін ғалым Қ. Жүсіп: «Лирикалық қаһарман деген не? Мәселен, лирикалық шығармада автор сезімінің белгілі бір құбылысқа қатысы тұрғысынан көрінетінін дәлелдеген бағамдауға біз толық қосыламыз. Сонымен бірге ақын бейнесі деген ұғым мен «ақынның жеке басы» түсінігін бөліп қарастыру да ой саларлық. Қалай болғанда да, лирикадағы автордың жеке басының, ақынның өз сезімін білдіруінің, шешуші рөл атқаратынын естен шығаруға болмайды. Жалпы өлеңде ақын шеберлігі ғана емес, ақын мінезі де алдымен шаң беретіні анық. Сырт қарағанда, ақын алуан тақырыпқа түрлі өлең жазғандықтан, оның әр туындысында бір-бірінен мүлде бөлек қилы образ бар тәрізді көрінуі де ықтимал. Әйтсе де қаламгер белгілі бір өлеңінде насаттануын, енді бірде күйзелуін, тағы бірінде еміренуін, не кіділенуін т.б. жырласа да, сол түрлі жағдайда әрекет еткен лирикалық «меннің» бәрін топтастыратын ортақ сипатты да байқауға болады. Демек ақын әр жағдайдағы түрлі сезімді сипаттайды, әрі соның бәріне бір көзбен қарайды десек, лирикалық қаһарманның ұйыстырушылық рөлін ашамыз.

Сонымен бірге лирикалық қаһарманның тұлғаланып есейгенде де бұрынғыға қатысы жоқ, мүлде бөтен сипатқа ауыспай, қайта бастапқы өзектіні де сақтап, соның арқасында да шынайы толық түскенін ескермеуге болмайды. Лирикалық қаһарман мен автор арақатынасын межелеу үстінде сол қаһарманға деген заман, уақыт әсерін де қағыс қалдырмаймыз. Белгілі бір тарихи жағдайдың суреткер шығармашылығына ықпалын ашу үстінде біз ақынның әрі өз заманындағы мың-миллиондардың тағлымын т.б. қоса арқалайтыны туралы қағидаға тірелеміз [4; 275-277], – дейді. Міне, жоғарыдағы ғалымның пікіріне сүйенсек, Бауыржан ақынның лирикалық қаһарманы мен авторлық жеке тұлғасының арасында бірыңғай көзге көрінбесе де, ішкі үндесім сыры байқалады. Ақынның жастық кезең жырлары мен есейе келгенде өлеңдеріндегі лирикалық қаһарманның тұлғасы біршама есейгенімен, сол бастау қайнарынан қара үзіп кетпегені анық. «Шерленсе жүрек қатар» өлеңінде:

Жындандым ба тылсым күш тыстан арбап,
Зіркілдеймін, бақыдай қысқан аруақ.
Зығырданыңды қайнатты-ау құрымағырлар,
Қасқыр алар шағында тышқан аулап.

Ей, дүние, қылығы тамсандырған,
Әділдігің осы ма жар салдырған.
Біреу үшін далақтап жүгіргенім,
Иттік болып шығады қарсы алдымнан [2; 44].

Ақын өлеңдеріне зер салсақ, ақын өлеңдерінің көркемдігімен қоса, мінезі де өлеңде өз өрнегін салған. Жоғарыдағы өлеңнің үзіндесінде мұң бар. Ақынның лирикалық қаһарманы не үшін жын ұрған бақыдай күй кешеді? Әділдік іздеп шаршаған жүрегі, әрине, мұң шегеді. Көптеген өлеңдерін сарласақ, ақынның өлеңдерінде мұң байқалады. Ол — жеке дара бастың мұңымен біте қайнасқан ел, жұрт, халық мұңы. Тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығы, ғасыр басындағы студенттік шақтары, кейінгі есейген шағындағы ақынның мұң-наласы ұлғая түскен. Ол мұңның сыры лирикалық қаһарманның ауқымды елдік мәселелерді тереңінен толғана білуінде жатса керек.

Бауыржан Халиолла өлеңдерінде өз заманынындағы аға буын ақындардан Есенғали Раушанов, Есенкүл Жақыпбеков, Светқали Нұржанов сынды ақындарды үлгі өнеге тұтқанын көреміз. Әдебиетте алдыңғы толқынның кейінгі буынға әсер ықпалы, әдеби ортақ мотивтер мен тақырыптардың ауысып отыруы заңдылық болса, әр ақын оны өзінше жырлайды. Кез келген ақын өзіне дейінгі өмірдегі таныс тақырыпты, жаны қалған дүниені жырлауды қажетсінгенде, соны сүрлеу, соны соқпақ табуға тырысады, оны түрленту арқылы жүзеге асыруға тырысады. Әрине, бұл көшірме емес, тақырып ортақ болғанымен, автордың өзіндік дүниетанымдық топшылауы болуы заңдылық. Міне, осы тұрғыдан келсек, Есенғалидың «Календарға түзету» өлеңі мен Бауыржанның «Көктемді қарсылау» өлеңінде тақырыптық тұрғыдан, тіпті іштей бір рухани үндестік табы байқалатындай. Есенғали Раушанов:

Бірінші қаңтар жаңа жыл емес,
Жаңа жыл емес наурыз да.
Жаңа жыл күзден басталу керек меніңше...
Несі таң екен аспаннан ақ қар төгілсе,
Несі таң және қылтып көк шөп көрінсе?..
Жаңа жыл күзден басталу керек меніңше...
Күл мейлің..
Бұзылып кенет нілдей күн,
Еңсеңді басса зілдей мұң.
Жаңа жыл күзден басталу керек меніңше...

Неге екенін білмеймін... — деп толғанса, Бауыржан Халиолла «Көктемді қарсылау» өлеңінде көктем мезгіліндегі табиғат құбылыстарын адамның ішкі жандүниесімен бірлікте суреттей келіп, былайша өй өрбітеді:

Сылаң еткен еткен ерекше мына көктем,
Жел ысқырып лай суды қуады еппен,
Ызғар солып, тоң жібіп, жер бусанып,
Шуақ еніп келеді шын әдеппен.

Өз-Наурыздың тербейді басын ырғақ,
Шықсам ба екен алдынан шашуымды ап,
Күннің көзі тал түсте бір жылт етіп,
Кешке қарай ойнайды жасырынбақ.

Мұңлық мезгіл...шалғайда мұңсыз дала
Қала у-шу...арпалыс...күр сыздана
Тереземнің тершіген әйнегінен,
Телміремін көшеге үнсіз ғана.

Қандырады қарайып түн құрышын,
Қаңғырады елес пен түрлі мүсін.

Ағылады адамдар тыным таппай,
Сабылады адамдар күресіп тірлік үшін.

Көлік кернеп кезеді көшелерді,
Мен туғалы бұл қонақ неше келді?
Көктем... Көктем... білмеймін несі жақсы,
Көгертсе ме бұл көктем көсегемді?
Ал, мен Күзді ұнатам... [2; 66]

Міне, ақынның өлеңінде алып қарасақ, дәстүрлі ұғымдағы көктемді бар тіршілік атаулының басы деген ұғымнан гөрі, ақындардың ішкі субъективтік танымында күз мезгіліне ерекше мән береді. Есенғали Раушанов жыл басы күзден басталу керек, неге екенін білмеймін деп, риторикалық арнау арқылы барша оқырманның қабылдауына тосын түсінік ұсынса, Бауыржан ақынның жүрегіндегі сарғайған сағынышы, пәк адалдығы, сәби күнгі аппақ арлы әлемі, сары өлеңінде (автордың сөзі: «Сары өмір, сары уайым, сары бала, Сабылады санамдағы сары өлең») тіршіліктің қаны жүгіріп жатқандай. Әрине, әр ақынның ішкі психологиялық әлемінде болып жатқан ұлы қозғалыс, рухани күштің, болмыс-бітімнің тамырына арқау болатын табиғатпен рухани үндесім іздеуі, өзінің жан рахатына өлеңмен сая табуы да заңды құбылыс.

Жалпы кез келген ақын-жазушының шығармашылығын талдауда оның заманымен, алдыңғы толқын және кейінгі буынмен типологиялық сипатта қарастырудың маңызы бар. Себебі, әдеби шығармашылық иесінің әлеуеті толыққанды ашылуы үшін оның замана үніне қосқан үлесі мен өзіндік көркемдік арналарына ортақ негіздер мен өзіндік ерекшеліктерін ашу арқылы туындыгердің дара болмысын да көре алмамыз.

Қазіргі әдеби процестегі әдеби құбылыстарды саралау барысында, көпетеген ақын-жазушылардағы ортақ тенденция сөз бостандығын еркін сезінуі, түрлі жағдайдағы адамның көңіл-күйінің психологиялық ахуалын жеткізудегі жеке мұңының жаратушымен байланысты дүниетанымдық ойларға баруы дер едік. Яғни, ақындар өмірдегі түрлі жағдайлардың себебі мен салдарын жырлай отырып, біреулері Жаратушыға, Құдайға құлшылық қылса, енді бірі Құдайды адам кейпіндегі сырласы, тіпті бірі түрлі аллегориялық сипатта да қолданады.

Мысалы, Тыныштықбек Әбдікәкімов өзінің «Әуре» өлеңінде Құдайды түстік ішуге кетіп қалған қарапайым пенде кейпінде суреттей отырып, қоғамдық өмірдегі кейбір құбылыстарға, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа түсіре отырып, аллегориялық сипатта бейнелейді. Постмодернистік тенденцияда дәстүрлі ұғымдарды, түсініктерді терістеудің басым болуы, кез келген дүниеге күмәнмен қарау, оны сатиралық бағытта, гротеск, сарказммен өру тенденциясын көрсетеді. Ақын өмірдегі келеңсіздіктерді тура ашық айтпаса да, көлеңкелі көріністердің бетін ашып, батыл үн қатады.

Ал, Бауыржан ақын «Жар іздеу» атты өлеңінде өзінің өмірдегі азаматтық ұстанымына орай, кейбір жайттарға, адамдарға көңілі толмаған арыз-мұңын тірі Құдайға жеткізуге тырысады.

Үзілуге айналған үмітім-ай,
Бірі түлік пенденің, бірі құмай.
Қайсы бірін санайын саусағыммен,
Арызым көп жеткізер, айтшы, Көке,
Түскен жоқ па көзіне тірі Құдай! – десе, «Алдамшы бақыт» өлеңінде:
Жазмыш екен...артығы
Қалмады қуып соңымнан.
Бәрі де тағдыр тартуы,
Құдайдың мөрі соғылған [2;39].

Ақын өлеңінен оның өзіндік болмысы мен іс-әрекеті де анық көрінеді. Өмірде әділеттілікті ту етіп, азаматтық арына қылау түсірмей, пенде атаулыдан көңілі қалғандай күй кешкен жанның шарасыз арызы ма дерсіз? Иә, ақынның өлеңінде айтып отырғанындай, заманға наз-өкпе, нала, сырласар жан жоқ, «бірі түлкі, бірі құмай» қулық пен сұмдық, қашса жеткізбейтін жүйрік пенде-тірлік, жеке адамдардың басындағы хал-ахуалдың қоғамдық-әлеуметтік, һәм саяси жүйедегі жағдайы, жүйкенің тозуы, бәрі-бәрі тұнып тұр. Мөлдіреген сөздің астарында адамдық қасиет жоғалған қоғамның кейпі жатыр. Бұл жерде адамдар өмірдегі барлық жақсылы-жаманды дүниеге себепкер болса, соны жаратушы Құдай емін табар, адалдыққа, адамдыққа араша түсушінің символындай, ақынның шарасыздығын көрсетсе керек.

Жоғарыдағы екі ақынның өлеңіндегі Құдайға қатысты айтылған ойдың екеуі екі түрлі. Біріншіде, Тыныштықбек ақында сарказм басым болса, екінші Бауыржан ақынның өлеңінде әділетсіздік, арсыздық, қоғамдағы сыр айтатын адам таппай, шарасыздықтан Құдайға арыз айту сарыны көрінеді.

Ақын Бауыржан Халиолла өлеңдерінде өмір, тағдыр, дүние, ғалам, жалған дүние, зымыраған уақыт, уақыт еншісінде кеткен орындалмаған армандар мен өкініштер ұғымдарының эмоционалды-экспрессивті бояуы қалың, сұрқай тіршіліктің, өткінші, алдамшы дүниенің жетегінде жүрген адамзат баласының баянсыз ғұмырындағы ит тірлігіне көбіне көңіл аударады. Себебі ақынның жүрегі қоғамдық өмірдегі әр құбылысқа, адамдық тағдырға бей-жай қарай алмайды.

Бауыржан ақынның бір ғана жыр жинағына енген бірнеше өлеңдерін парақтап өткенде, өмір мен өлім арасындағы тіршіліктің сұм жалғандығын, өткіншілігін айқын да қанық бояумен жеткізеді. Азаматтық үні жалған пафосты емес, үнемі көлеңкелі өмірдің тасасындағы адам тағдырына, жүрекке түскен жараның себеп пен салдарын іздейді, жалған өмірдің жалғандығына ілесіп мимырт өмір сүретін пенделік ғұмырды суреттейді.

Бауыржан ақынның поэзиясындағы өмір жайлы толғамдары бірыңғай сұрқай тірлік, көлеңкелі өмірдің қайғы-мұңына торығу, жеке басының ғана сарсаңы емес, сол өмірдегі күресте сынып кетпейтін өмірге құштар лирикалық қаһарманның бейнесін де көреміз. Өмірдің өзі күрес, айқас дейтін болсақ, Бауыржан ақынның лирикалық қаһарманы бүгінгі өмірдегі күрескер, мойымайтын, кейде асау, кейде момын, қанағатшыл, рухты жандардың жиынтығындай әсер қалдырады. Оған мына төмендегі өлең шумақтарын келтірсек болады.

Жо-жо-жоқ, әлі жазамын бір жыр,

Қозғаймын сөзді әріден.

Ақындық тағдыр, азалы ғұмыр,

Қымбатсың маған бәрінен

Енді бірде:

Атқан таң, батқан күнің,

Жұтқан дем, татқан дәміңе,

Есепсіз емес бірі де,

Қанағат, тәубе, бәріне [2;55]!

Бауыржан ақын өлеңдерінде өміріндегі кейбір келеңсіздіктер, замана қайшылықтары, адам, табиғат, қоғам арасындығы рухани дағдарыс, тәуелсіздік дәуірінде отырсақ та, кедейшілікте өмір сүрген қалың бұқараның жағдайы, елдің тағдыры, жер сату т.б. мәселелер мұнаю, налу мотивтерімен келіп, бояуы қалыңдай түскен. Алайда ақын өлеңдері түпкілікті түңілу, торығу емес, жоғарыдағы келтірілген шумақтардан қаншама азапты ғұмыр кешсе де адамзат баласына өмір қымбат, қанағат пен тәубе, сабыр қажеттігін алға тартады.

Әдетім бар таң ата талмаусырар,

Адам кейтім, ал бірақ алдамшы хәл,

Қой, жүрегім, сабыр ет...түкпіріңде,

Шүкіршіліктің бір табы қалған шығар [2;47].

Ақын Бауыржан Халиолла өлеңдерінде қазақ поэзиясындағы мәңгілік тақырып махаббат лирикасының суреттері де ерекше. Балалық дәурендегі алғашқы сезім ғашықтықтан бастап, студенттік жылдардағы махаббат азаптары, жалпы сұлулыққа деген інкәрліктің суретті сөздері ақын поэзиясында ерекше орын тепкен. Оның махаббат лирикасы бағытында жазған «Балалық шақтан бір көрініс», «Шығарып салу шырғалаңы», «Еске түссе ертегі», «Ұқастық», «Түсімде жүресің», «Жүрек хаты», «Дауасыз дерт», «Масаң махаббат», «Кім кінәлі», «Айтылмайтын ертегі» т.б. өлеңдерінің дені Алматыдағы студенттік шағында туғаны анық. Ақынның махаббат лирикасында тосын құбылыстар, дәстүрлі махаббат ұғымына пародиялық үлгіде келетін тұжырымдар жоқ емес. Мысалы, «Балалық шақтан бір көрініс» өлеңінде ақынның бүгінгі шақтан өткен шаққа оралып, алғашқы пәк махаббат сезімдерін еске алып, өткен күндердің тәтті елесін сағынышпен ойына алады, қимастық, аппақ арлы ғаламды, махаббатты осы күнгі бар қызығына жетпейтін асылы ретінде бағалайды.

Ей, қалқа, заты бөлек зарлы жырым,

Менімен аттас енді жалғыз ұлың.

Сол бала махаббаттың пәктігіне,

Жетпейді осы күнгі бар қызығым [2;75].

Бұл күнде бәрі өткеннің еншісінде қалған, тәтті естелік, тәтті мұң, бірақ дөңгеленген дүние, «Баясыз бұл жалғанның бар-шыны елес» деп ақынның өзі айтқандай, фәни жалғанға бәріміз де мойынсұнамыз. Тек сарғайған сағыныш қана қалады.

Бауыржан ақынның махаббат туралы лирикасында бірыңғай пәк сезіммен қоса, махаббаттың құндылық ретінде бүгінгі қоғамда бағасының құлдырауы да терең сөз болады. Ақындық парасаты бүгінгі шынайы өмірдің ақиқаттарына да үңіліп, жаңа ғасырдағы жалған махаббаттың жетегіндегі жалқы тағдырмен заманаға да үн қатады. Махаббат лирикасымен қоса, жастардың әлеуметтік тұрмыстық жағдаяттары да өлеңде әдемі тігісі жатқызыла суреттеледі. Лирикалық қаһарманның сөзі бүгінгі қоғамның әужайынан біршама сырды ұқтырса керек. Бұл жайлар «Айтылмаған ертегі» өлеңінде ерекше көрініс тапқан.

Нәтиже. Жалпы, ақын өлеңдерінде қызық, сайран-сауық, қызылды-жасылды әлемді қыздар қауымына теңеу, сондай-ақ өмірдегі кейбір құбылыстарды сылқым мен сайқалдыққа теңеуге арналған «*Ажал деген қыз сынды, мезгілсіз кеп құшатын*», «*Бір гүлдің сабағына татымайтын, Қыздарға ғашық боппын кеуде керген*», «*Маңымда Бекторылар қаптап жүрсе, Қараймын құбылаға қай бетіммен*», «*Құшамын өліп, құныға, Сайқал қыз жеріп, сүйместей*», «*Ғұмыр бойына іздеген, Сайтан қызбенен сүйістім*» деген суретті сөздерінде негативтік бояу қалың көрініс табады.

Сондай-ақ, постмодернистік тенденцияның элементтері интертекстуалдық (дәйектемелер мен ишаралар, өзге образдарды меншіктеп пайдалану «Маңымда **Бекторылар** қаптап жүрсе, Қараймын құбылаға қай бетіммен»; «Қодар-қыстан көріп болды-ау қорлықты») арқылы жеткізу де жиі байқалады. Мысалы,

*О, Сұлулық, сан жүректі жаралап,
Қыз біткенді көрсеткенмен даралап,
Бер жағыңды бояғанмен қаншама,
Сенен кейде қылтияды қара дақ.*

Өлеңді тұтас оқығанда тұтас идеяның, белгілі бір мақсаттың, ақын көңіл-күйінің түйіндерін ажыратамыз. Ақын махаббаттың ұлы сезім екенін мойындайды, бірақ заманға сай құбылған ұғымның құндылық мәніне ерекше мән береді. Махаббаттың арзандығы, сезімнің жалғандығы, әрісі, дос көңілдің жоғалуын Құдайға арызғып жеткізеді.

Ақынның өлеңдер жинағын, әлеуметтік желідегі соңғы уақыттарда жарық көріп отырған туындыларын саралағанда, сөз саптауы мен ойды жеткізудегі интелектуалдық талғамы, оқырмандардың менімен ұласып жатқан ішкі рухани үндестікке ерекше мән беретін талғампаз талант екенін байқатады. Мысалы, «*Жүйткісе басын шұлғып жастық-күрең*» [5; 4], «*Торы мұңым айналса тобылғыға*» [5; 18], «*Абжылан — заман уын шапқанда, ұмтылып, Қылышын ұстап, атан-шал дауысы ақырса*» [5; 18], «*Ғаламшар — теңбіл топтай дөңгеленген*», «*Жеткізбей желмая-күн қусам дағы*» [5; 19], «*Пері жылдар пәк арымды кірлеткен*» [5; 20], «*Жете алмай жығыламын тұлкі-арманға*» [5; 22]; «*Қатігез жел қаңғыртуға шақ қалып*» [5; 24]; «*Көңішек көктің төсінен, Нәзік бұлт көшіп барады*», «*Күлімкөз, сылқым күнді ұрлап, Күңірене түсті көлеңке*» [5; 26]; «*Арман деген асаулау арда құнан*» [5; 32], «*Шаттығыңды қайтейін, шылым-ғұмыр, Күнің жанып, сынуда күлге айналып*» [5; 36]; «*Махаббат деген кәрі құс*» [5; 37], «*Одан қалса жын-заман жымыңдап*» [5; 40]; «*Өткелі тар қылыш-көпір өмір сын*», «*Арда жүрек сәби жұртым не білсін*» [5; 40]; «*Көгершін-жыр пыр-пыр ұшып көңілден*» [5; 41]; «*Иір құйрықты ит-өмір*» [5; 42]; «*Жымыңдап күлер от-тозақ*» [5; 42]; «*Мөлдір мұң билеп көңілімді*» [5; 48]; «*Жүрегімде жатып алып, Мазақ қылды қарсақ-қайғы*» [5; 54]; «*Жүрегімнің жанры — бақ өлеңім*» [5; 58], т.б. мысалдарды санамалап келтіруге болады. Бұндай эпитет, кейіптеулер мен теңеулер, метафоралар ақынның жеке дара қолданыстары мен сөз байлығын поэзия тілімен сөйлете білген өзіндік шеберлігі мен мәнерін көрсетеді.

Қорытынды

Сөзімізді түйіндесек, Батыс Алаш орданың ту тіккен жерінде, әйгілі Сырым батырдың туған топырағында дүниеге келген ақын Б. Халиолла — қазіргі қазақ әдебиетінде суреткерлік қарым-қабілеті жоғары, өз замандастарының арасында кең танымал таланттардың бірі. Оның шығармашылығын замандастары және аға буын өкілдерімен салыстырмалы түрде алғанда, өзіндік ұлттық бояуы қанық, ақын поэзиясындағы лирикалық кейіпкердің өзіндік философиялық ойларынан қоғам, адам, табиғаттың тылсым жұмбағы поэтикалық тұрғыдан өзіндік шешім тапқан, жеке дара қолтаңбасы айқын сезіледі.

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі грантымен қаржыландырылатын №АР05135443 «Әдеби өлкетану: рухани жаңғыру (Орал өңірі ақын-жазушыларының шығармашылық мұрасы. XX-XXI ғасырдың басы)» атты ғылыми жобасы аясында жазылды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Бәмішұлы Б. Ой айтатын, ой айтса, сой айтатын / Б. Бәмішұлы // Сын журналы. — 2009. — №3 (8). — Б. 24-29.
- 2 Халиолла Б. Жан тебіреніс / Б. Халиолла. — Алматы: Ан Арыс баспасы, 2018. — 180 б.
- 3 Қабдолов З. Сөз өнері: оқулық-монография / З. Қабдолов. — Алматы: Өлке баспасы, 2014. — 496 б.
- 4 Жүсіп Қ. Стилль және бейнелілік / Қ. Жүсіп. — Алматы: Бастау, 2019. — 360 б.
- 5 Халиолла Б. Жұлдыз жауған жарық түн: Өлеңдер / Б. Халиолла. — Орал, 2013. — 120 б.

А.А. Акбулатов, Э.К. Утемисова

Идейно-тематические и поэтические основы лирики Б. Халиоллы

В статье проанализированы гражданская лирика, изобразительное мастерство, индивидуальный почерк художественного поиска в письменной поэзии поэта Бауыржана Халиоллы. Рассмотрены выразительные средства в передаче национальных, гражданских взглядов, внутреннего мира лирического героя, раскрыта творческая биография поэта. Формулируется позиция автора на такие проблемные вопросы общества, как совесть и нравственность, общечеловеческие ценности эпохи после приобретения независимости. Предложен обзор поэтического пространства поэта — от его первых литературных проб до его успешной деятельности в настоящее время. Выделено мастерское применение в стихотворениях Б. Халиоллы таких художественно-изобразительных средств, как эпитеты, метафоры, инверсия, олицетворение, сравнение контрастных явлений, риторические повторы и гипербола; отмечены их гармоничность и целесообразность, а также вызывают особый интерес его философские мысли о жизни и смерти. На примере текстового анализа продемонстрированы фигуры поэтической речи поэта, умеющего передавать созвучность природы и внутренних чувств человека.

Ключевые слова: гражданская лирика, национальная самобытность, лирический герой, концепт смерти и жизни, художественный метод, подходы, современная казахская поэзия.

A.A. Akbulatov, E.K. Utemissova

Ideological, thematic and poetic foundations of B. Khaliolla's lyrics

The article, dedicated to the poetic work of Bauyrzhan Khaliolla, analyzes the civic lyrics, the mastery of artistic representation, and the poet's creative search. Focusing on the creative biography of the poet, the authors of the article also consider the means of representation in the expression of national and civic views, the inner spiritual life of the lyrical hero. The poet's own point of view on such urgent problems of society as the independence of the country, honor and humanity, universal values is presented. The review of the poet's poetic creativity from his first steps in literature to the height he has reached today is carried out. The article examines B. Khaliolla's use of such language tropes as epithets, metaphors, inversion, comparison of contrasting phenomena, analyzes how harmoniously the expressive means of language, rhetorical repetitions, author's reflections, philosophical reflections on life and death appear in the poet's poems. Through the textual analysis of B. Khaliolla's works, the poet's original skill in describing nature and inner human experiences has been presented.

Key words: civic lyrics, national identity, lyrical hero, concepts of death and life, artistic method, techniques, modern Kazakh poetry.

References

- 1 Bamishuly, B. (2009). Oi aitayn, oi aitsa, soi aitayn [Thoughts arise if you speak clearly]. *Syn zhurnaly — Journal of Criticism*, 3(8), 24-29 [in Kazakh].
- 2 Haliolla, B. (2018). *Zhan tebirenis [Soul shaking]*. Almaty: "An Arys" baspasy [in Kazakh].
- 3 Kabdolov, Z. (2014). *Soz oneri: oqylyq-monografiya [Word art: textbook-monograph]*. Almaty: "Olke" baspasy [in Kazakh].

- 4 Jusip, K. (2019). *Stil zhane beinelilik [Style and imagery]*. Almaty: Bastau [in Kazakh].
- 5 Haliolla, B. (2013). *Zhuldyz zhaugan zharyq tun: Olengder [When a star falls, the night is bright: Poems]*. Oral [in Kazakh].

Information about authors

Akbulatov A.A. — PhD in Philology, Associate Professor, M. Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Kazakhstan. E-mail: aidarbek_akbulat@mail.ru.

Utemissova, E.K. — Master of Pedagogical Sciences, Senior lecturer of EP “Foreign languages”, M. Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Kazakhstan.